



Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге техникалық тапсырманы бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 6 тамыздағы № 135 шешімі

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберіндегі жобаларды іске асыру механизмдерінің 7-тармағының "б" тармақшасының және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 30 сәуірдегі "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру туралы" № 2 шешімінің 4-тармағының үшінші абзацының негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге техникалық тапсырма бекітілген.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 6 тамыздағы
№ 135 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

1. Жалпы ережелер

Шарттың нысанасы Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсету (бұдан әрі осы бөлімде тиісінше – қызметтер көрсету, жоба, еуразиялық желі) болып табылады.

Қызметтерді көрсету мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

Еуразиялық желі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға

дейінгі цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттарына, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің тиісінше 2017 жылғы 25 қазандағы № 4 және 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімдерімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру шеңберіндегі бастамаларды пысықтау тәртібіне және Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберіндегі жобаларды іске асыру механизмдеріне, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің тиісінше 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 143 және 2018 жылғы 30 наурыздағы № 23 шешімдерімен бекітілген Өнеркәсіптік кооперацияның және субконтрактацияның Еуразиялық желісін құру тұжырымдамасына және Еуразиялық технологиялар трансферінің желісін құру және оның жұмыс істеуі тұжырымдамасына, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықты цифрлық трансформациялау және Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсібін цифрлық трансформациялау үшін жағдайлар жасау тұжырымдамасы туралы 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 1 ұсынымының ережелеріне сәйкес құрылады.

Еуразиялық желінің интерфейсі мен электронды сервистеріне қолжетімділік орыс тілінде және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) өзге де мемлекеттік тілдерінде қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, онлайн аударуға арналған бағдарламаны пайдалану арқылы ағылшын тілінде де қолжетімділік қамтамасыз етілуі мүмкін.

Осы техникалық тапсырманың мақсаттары үшін 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Одақ органдарының еуразиялық желіні құру және дамыту мәселелері жөніндегі шешімдерінде айқындалған мәндердегі ұғымдар пайдаланылады.

Осы техникалық тапсырмада мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Еуразиялық желінің базалық компоненті – белгілі бір сервистер жинағын қамтитын және өзін толыққанды жұмыс істейтін ұлттық компонент ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін әмбебап платформалық шешім. Мүше мемлекет сұрау салған кезде базалық компонент мүше мемлекетке лицензиялық келісім бойынша өтеусіз негізде беріледі.

Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі – мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактация бойынша неғұрлым тиімді әріптестерді жедел іріктеу, ірі өндірушілердің өндірістік тізбектеріне шағын және орта кәсіпорындарды тарту, технологиялар трансфері арқылы инновациялық процестерді ынталандыру механизмдерін ұсынатын экожүйе.

Консорциум – мүше мемлекеттердің "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру мақсатында қызметін заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын ұйымдарының бірлестігі.

Ұлттық компонент – еуразиялық желінің базалық компонентінің негізінде еуразиялық желінің "өзегіне" қосылуға арналған талаптарға сәйкес келетін ұлттық цифрлық өнімдер мен шешімдерді пайдалану арқылы мүше мемлекеттің уәкілетті органы қалыптастыратын платформалық шешім.

Ұлттық компонент операторы – еуразиялық желіні құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі шешімдерде көзделген еуразиялық желінің ұлттық компонентін құру, пайдалану және дамыту функцияларын орындайтын, сондай-ақ мүше мемлекеттің уәкілетті органы беретін өкілеттіктерді іске асыратын заңды тұлға.

Желі операторы – еуразиялық желіні құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі шешімдерде көзделген еуразиялық желіні құру, пайдалану және дамыту функцияларын , сондай-ақ еуразиялық желінің жұмыс істеуіне байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия беретін өкілеттіктерді орындайтын заңды тұлға.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімі – шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндетті тіркеу деректерін, еуразиялық желіге қатысушылар туралы мәліметтерді қамтитын, таратылған тізілімдер технологиясы негізінде ұлттық компоненттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімі негізінде қалыптастырылатын бірыңғай деректер базасы (мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері тізілімінің деректері ұлттық компоненттерде сақталады және интеграциялық компонент жағынан көрінеді).

Өнім тізілімі – еуразиялық желіге қатысушылар шығаратын өнімнің, қызметтердің, технологиялардың, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің бірыңғай деректер базасы, ол таратылған тізілімдер технологиясы негізінде ұлттық компоненттердің өнімі тізілімдерінің негізінде қалыптастырылады (мүше мемлекеттердің өнімі тізілімінің деректері ұлттық компоненттерде сақталады және интеграциялық компонент жағынан көрінеді).

Сервис-провайдер – қызметтер көрсетуге жауапты болатын және жобаға қатысушылардың белгілі бір сервистерге қолжетімділігін қамтамасыз ететін заңды тұлға.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы – еуразиялық желінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мүше мемлекет уәкілеттік берген, сондай-ақ "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасының шеңберінде ұлттық деңгейдегі іс-шараларды іске асыруға және (немесе) орындауға жауапты мемлекеттік билік органы немесе ұйым.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер – мүше мемлекеттің аумағында шаруашылық қызметін жүргізетін субъектілер.

Электронды сервис (бұдан әрі – сервис) – еуразиялық желіге қатысушыларға қызмет көрсететін интерактивті өзара іс-қимыл құралдарының кешені.

Еуразиялық желінің "өзегі" – еуразиялық желінің ұлттық компоненттерді бірыңғай еуразиялық желіге біріктіретін және ортақ сервистерді жариялауды, соның ішінде таратылған тізілім деректерін интеграциялау механизмдері, толассыз авторландыруды қамтамасыз ету және еуразиялық желінің сервистерін пайдалану жөніндегі статистикалық және биллингтік ақпаратты жинау есебінен қамтамасыз ететін интеграциялық компоненті.

Еуразиялық желі өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері мақсатында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған және мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактация бойынша неғұрлым тиімді әріптестерді жедел іріктеу, ірі өндірушілердің өндірістік тізбектеріне шағын және орта кәсіпорындарды тарту, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының толассыз процестер мен цифрлы сервистерге мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, өндірістік тізбектерді модельдеу және өндірістік қуаттарды оңтайлы жүктеу, сондай-ақ технологиялар трансфері мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің өнімдерін ілгерілету мүмкіндігі арқылы инновациялық процестерді ынталандыру механизмдерін ұсынатын экожүйе болып табылады.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру туралы" 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 2 шешімі мен Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкімімен бекітілген "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспары (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) еуразиялық желіні құруға негіз болды.

Осы техникалық тапсырмада көзделген қызметтерді көрсету кезінде Одақ құқығын құрайтын, соның ішінде қызметтер көрсетуге шарт жасасқаннан кейін күшіне енген халықаралық шарттар мен актілердің ережелерін ескеру қажет.

Іс-шаралар жоспарын атқару үшін Тапсырыс беруші 2019 – 2020 жылдары жеке жұмыстар шеңберінде еуразиялық желіні құру мен енгізуге байланысты жұмыстарды үйлестіру жөніндегі жобалық офистің жұмыс істеуін ұйымдастырады. Орындаушы өзінің жобалық офисін құру мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, оған қажетті ресурстар бөлуді көздеуге тиіс.

Орындаушыда жобалық басқару бойынша біліктілігі бар ресурстардың бар екені туралы ақпарат қатысушының өтінімінде "Тапсырыс орналастырған қатысушының біліктілік мәліметтері" нысанында көрсетілуге тиіс. Орындаушының жобалық офисін ұйымдастыру және оның Тапсырыс берушінің жобалық офисімен өзара іс-қимылының

тәртібі жөніндегі егжей-тегжейлі ұсыныстар қатысушының өтінімінде "Қызметтер көрсетудің сапасы туралы ұсыныстар және шартты орындау талаптары туралы өзге де ұсыныстар" нысанында көрсетілуге тиіс.

2. Еуразиялық желінің кіші жүйелері мен компоненттерінің жалпы сипаттамасы

Еуразиялық желі интеграциялық компонент ("өзек") пен ұлттық компоненттердің бірыңғай экожүйеге деректер беру арналарымен біріктірілетін жиынтығы болып табылады.

Бұл ретте пайдаланушылық сервистерді құру және қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешім болып табылатын еуразиялық желінің базалық компонентін ұлттық компоненттер ретінде пайдалануға болады.

Еуразиялық желіні құру кезінде құрудың сервиске бағдарланған архитектурасы (SOA) қолданылуға тиіс, ол стандартталған хаттамалар бойынша өзара іс-қимыл жасау үшін таратылған, әлсіз байланысқан, алмастырылатын, стандартталған интерфейстерімен жасақталған деректер беруді пайдалануға негізделеді.

Пайдаланушыларды бір мәртелік аутентификациялау іске асырылуға тиіс, ол қосымша есепке алу деректерін енгізуді қажет етпей, еуразиялық желінің сервистерін "ашық" пайдалануды қамтамасыз етеді.

Пайдаланушылардың еуразиялық желі сервистерімен өзара іс-қимыл жасауы деректер берудің қорғалған хаттамаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Еуразиялық желіде мыналар көзделуге тиіс:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімін, шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің ақпараттық ресурстарын қамтитын еуразиялық желінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру;

өнеркәсіптік кооперация және субконтрактация шеңберінде өнеркәсіптік қызмет субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау процестерін цифрлық түрлендіру;

технологиялар трансферінің процестерін цифрлық түрлендіру;

өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері процестеріне байланысты процестерді (атап айтқанда, қаржылық, логистикалық, сондай-ақ ғылыми-техникалық қызмет саласындағы процестерді) цифрлық түрлендіру;

өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара іс-қимылы процесінде қалыптасатын ақпаратты мониторингтеу және талдау құралдарын жасау.

Еуразиялық желі өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ұлттық компоненттердің сервистеріне қолжетімділік беруге, сондай-ақ өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері процестеріне байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде қажетті қаржылық, логистикалық, кедендік және өзге де қызметтер көрсетуді ұсынатын сервистерді кеңейтуге мүмкіндік беруге тиіс.

Еуразиялық желі үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерін тіркеу механизмдерін көздеуге тиіс.

Еуразиялық желі Одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде іске асырылатын жобаларды және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйелерінің базалық ресурстарын ескере отырып жобалануға, іске асырылуға және дамытылуға тиіс.

Еуразиялық желіні құру архитектурасы ақпаратпен жұмыс істеу саласындағы ұлттық заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Толықтыру және өзектілендіру үшін ұлттық компоненттердің операторларынан (модерациядан және қалыптандырудан өткен) шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы деректерді және шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді қабылдауды қамтамасыз етуге қабілетті әмбебап интеграциялық сервистер жасалуға тиіс тізілімдер мен деректер базасының деректері еуразиялық желінің талдамалық және геоақпараттық сервистерінің ақпараттық негізі болуға тиіс.

Еуразиялық желі мынаны қамтитын экожүйе болуға тиіс:

еуразиялық желі "өзегінің" сервистері;

мүше мемлекеттердің ұлттық компоненттерінің сервистері;

сервис-провайдерлердің сервистерімен интеграциялану мүмкіндігі.

Еуразиялық желі "өзегінің" негізі интеграциялық компонент болуға тиіс, ол мынадай бағдарламалық модульдерді қамтиды:

1. еуразиялық желі порталы, ол мынаны қамтамасыз етуге тиіс:

1.1. еуразиялық желі пайдаланушыларының құқықтарын әкімшілендіру;

1.2. нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүргізу;

1.3. шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімімен жұмыс;

1.4. шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің ақпараттық ресурстарымен, өнім, қызметтер, технологиялар тізілімімен жұмыс;

2. геоақпараттық жүйе;

3. талдамалық модуль.

4. ақпараттық өзара іс-қимыл модулі.

Ұлттық компоненттердің, үшінші елдер мен экономикалық бірлестіктер сервистерінің жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламалық, ақпараттық, технологиялық архитектура мен есептегіш ресурстардың құрамын олардың операторлары еуразиялық желіге қосылуға арналған талаптарға сәйкес айқындайды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер, сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен еуразиялық желі операторы арасындағы ақша қаражатының транзитін қамтамасыз ететін агенттік схема бойынша жұмыс істеу үшін тиісті инфрақұрылымдық сервисті қосу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен биллингті пайдалану механизмдері көзделуге тиіс.

Еуразиялық желінің мынадай сервистері қосылуға тиіс.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша базалық сервистер:

еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізіліміндегі шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздестіру;

шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстарға енгізу, верификациялау және іздестіру;

Базалық талдамалық сервистер:

мүше мемлекеттерде көп өлшемді талдау мүмкіндігімен өнеркәсіптік кооперацияны , субконтрактацияны және технологиялар трансферін талдау және мониторингтеу сервистері;

индустриялық-инновациялық объектілер мен олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету ("Өнеркәсіп атласы" геоақпараттық сервисі);

өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы білімдер базасы (wiki);

Ұлттық сервистер:

технологиялық сұрау салулар мен технологиялық ұсыныстар қалыптастыру жөніндегі технологиялар трансферінің сервистері;

өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдау шараларының сервис-навигаторы;

өнеркәсіптік өнімді сертификаттау, омологациялау жөніндегі қызметтерді, соның ішінде өндірістік объектілерді және олардың қызметін стандарттау жөніндегі қызметтерді іздестіру және оларға тапсырыс беру сервисі;

Сервис-провайдерлердің сервистері:

субконтрактацияның таңдап алынған тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі;

кооперациялық тізбектер құру сервисі;

банктік сүйемелдеу сервисі;

келісімшарттың орындалуын бақылау сервисі;

көлік-логистикалық сүйемелдеу сервистері;

қаржылық қызметтер көрсету мен сақтандыру қызметтерін көрсетудің маркетплейсі

;

салалық және халықаралық бенчмаркинг;

заңдық маңызы бар құжат айналымы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында деректер алмасу (EDI);

портфельдік инвесторды сүйемелдеу, контрагентті іздестіру және индустриялық жобаларға инвестиция салу туралы шарттар жасасу сервисі;

смарт-келісімшарттар жасасу мүмкіндігін беру жөніндегі сервистер;

кепілдік берілген тапсырысты қамтамасыз ету сервисі;

өндірістік аланды, жабдықты және мүлікті жалдау сервисі.

Шығарылатын өнім маркетингін функционалы екі сервисі: өнім тізілімін қамтамасыз ететін "шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстарға енгізу, верификациялау және іздестіру" базалық сервисі мен шығарылатын өнім үшін сауда алаңын қамтамасыз ететін "субконтрактацияның таңдап алынған тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі" сервис-провайдерінің сервисін үйлестіру арқылы іске асырылады.

Сервистер, сервис-провайдерлер, үшінші елдердің ұлттық компоненттері деңгейінде үшінші елдердің қатысушыларымен өзара іс-қимылды практикалық іске асыру, әскери-техникалық ынтымақтастыққа, мемлекеттік құпияға немесе қол жеткізу шектелген мәліметтерге қатысты мәселелер бойынша кооперация, дербес деректерді еуразиялық желінің "өзегінде" өңдеу және сақтау, сервистерді ұлттық деңгейде қосу мүмкіндігі бөлігінде ұлттық компоненттер операторларының қызметін регламенттеу осы техникалық тапсырманың нысанасы болып табылмайды және қажет болған кезде оларды Тапсырыс беруші жеке жұмыстар шеңберінде ұйымдастырады.

3. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар

Ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау Еуразиялық экономикалық комиссия мен мүше мемлекеттердің нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттамасын ескере отырып іске асырылуға тиіс.

Еуразиялық желіде қол жеткізу шектелген мәліметтерді қамтымайтын ақпарат өңделуге тиіс.

Еуразиялық желінің жалпыға қолжетімді бөлімдерде жарияланбайтын деректеріне пайдаланушыларға қолжетімділік беру оларды сәйкестендіру, аутентификациялау және авторландыру жолымен қамтамасыз етілуге тиіс. Еуразиялық желіге ақпарат енгізетін пайдаланушылар өздері еуразиялық желіге орналастыратын мәліметтер үшін ұлттық заңнамаға және енгізілетін ақпараттың құрамында коммерциялық құпияның және таратылуы шектеулі өзге де ақпараттың жоқ екеніне келісім білдіру фактісіне сәйкес жауапты болуға тиіс.

Санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау үшін жүйеде мынадай рөлдік модель пайдаланылуға тиіс.

Еуразиялық желіні пайдаланушылардың сыныптары:

мейман – авторланбаған пайдаланушы;

авторланған пайдаланушы;

әкімші – еуразиялық желіні әкімшілендіру интерфейсінде авторланған пайдаланушы.

Еуразиялық желінің жалпыға бірдей қолжетімді контенті тіркелмеген және авторланбаған кірушілердің бәріне бірдей қолжетімді болуға тиіс.

Порталдың авторланбаған пайдаланушысының жеке кабинеті болмайды және еуразиялық желінің мамандандырылған функциялары оған қолжетімді емес.

Сыртқы ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл жасаған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін еуразиялық желі өзара іс-қимылдың мына түрлерін қолдауға тиіс:

қосымшалар арасында HTTPS қорғалған хаттамасын пайдалану арқылы өту;

SOAP хаттамасы бойынша берілген құрылымның XML форматында деректер алмасу.

Еуразиялық желі мен сыртқы ақпараттық ресурстар арасында деректерді жинау, өңдеу, беру және ұсыну процестері берілетін деректерді рәсімдеу мен кодтаудың бірыңғай принциптеріне негізделуге тиіс.

Еуразиялық желіні пайдалану арқылы қол жеткізу жүзеге асырылатын ұлттық компоненттердің ақпараттық ресурстарының ақпаратын қорғауды Одақтың және ақпарат, ақпараттық технологиялар және ақпаратты қорғау саласындағы ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес тиісті ақпараттық жүйелер мен сервистердің иеленушілері (операторлар) қамтамасыз етуге тиіс.

Штаттық режимде жұмыс істегенде еуразиялық желі мынаны:

пайдаланушылардың күніне 24 сағат, аптасына 7 күн жұмыс істеуін;

барлық функциялардың толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Еуразиялық желі:

еуразиялық желінің бағдарламалық қамтылымында іркілістер туындауына;

еуразиялық желінің аппараттық құралдарында іркілістер туындауына немесе олардың істен шығуына;

байланыстың болмауына;

электрмен қоректендірудегі кідірістерге байланысты авариялық жағдайлар орын алған кезде жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Авариялық жағдайларда жүйенің тұрып қалуға төзімділігін қамтамасыз ету үшін үздіксіз қоректендіру, есептегіш қуаттарды және ақпарат беру арналарын резервтеу құралдары көзделуге тиіс.

Еуразиялық желінің жұмыс істеуі және орын алатын іркілістер туралы қызметтік ақпарат авариялық жағдайлардың қайтадан орын алуына жол бермеу мақсатында кейіннен жүйелі әкімшілердің талдауы үшін лог-файлдарда тіркелуге тиіс.

Еуразиялық желі ақпаратының (бағдарламалық қамтылым мен деректердің) сақталуын қамтамасыз ету үшін ақпаратты резервтеу, қалпына келтіру және қайталау құралдары пайдаланылуға тиіс.

Бағдарламалық қамтылым мен деректердің толық көшірмелерін жасау және сақтау бекітілетін резервтік көшіру регламентіне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Еуразиялық желінің жұмыс істеуі шеңберінде алынған деректерді еуразиялық желінің жұмыс істеуі мақсатында ғана пайдалануға болады.

4. Көрсетілетін қызметтердің құрамына қойылатын талаптар

Осы техникалық тапсырманы орындау шеңберінде мынадай қызметтер көрсетілуге тиіс:

- 1) консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу (іс-шаралар жоспарының 7-тармағы);
- 2) еуразиялық желі туралы ереже әзірлеу (іс-шаралар жоспарының 8-тармағы);
- 3) еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу (іс-шаралар жоспарының 9-тармағы);
- 4) еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу (іс-шаралар жоспарының 10-тармағы);
- 5) жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын жасау және бөлінген қолжетімділік құқықтарына сәйкес үйлестіру тобының барлық қатысушыларының оған қол жеткізуін қамтамасыз ету (іс-шаралар жоспарының 11-тармағы);
- 6) мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің еуразиялық желіге қосылу моделін әзірлеу (іс-шаралар жоспарының 13-тармағы);
- 7) Еуразиялық экономикалық комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу, еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу (іс-шаралар жоспарының 14-тармағы);
- 8) техникалық-жұмыс бабындағы жобалау бөлігінде еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру (іс-шаралар жоспарының 15-тармағы);
- 9) еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру (іс-шаралар жоспарының 17-тармағы);
- 10) еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру және еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (іс-шаралар жоспарының 18-тармағы);
- 11) еуразиялық желінің тұжырымдамалық жобасына сәйкес еуразиялық желінің интеграциялық компонентін әзірлеу және енгізу (іс-шаралар жоспарының 19-тармағы);
- 12) еуразиялық желіні ілгерілету жоспарын әзірлеу және іске асыру. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары, сондай-ақ желіге өзге де қатысушылар үшін еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу (іс-шаралар жоспарының 20-тармағы);
- 13) еуразиялық желіні, соның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректер айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу (іс-шаралар жоспарының 21-тармағы);

14) желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторы мен сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу (іс-шаралар жоспарының 22-тармағы);

15) еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау (іс-шаралар жоспарының 23-тармағы);

16) еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (іс-шаралар жоспарының 25-тармағы);

17) өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның базалық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (іс-шаралар жоспарының 26-тармағы);

18) технологиялар трансферінің базалық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (іс-шаралар жоспарының 27-тармағы);

19) еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және өрістетілген ұлттық компоненттерді тәжірибелік пайдалану (іс-шаралар жоспарының 28-тармағы);

20) еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға беру (іс-шаралар жоспарының 29-тармағы);

21) еуразиялық желіні, соның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректер айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын іске асыру (іс-шаралар жоспарының 30-тармағы);

22) еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша еуразиялық желіні пысықтау (іс-шаралар жоспарының 31-тармағы);

23) әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ мәліметтерді ұсынудың бірыңғайлығын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыныптауыштарды ескере отырып, еуразиялық желінің бірыңғай тізілімінің жазбаларын сипаттау әдіснамасын қоса алғанда, каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету (іс-шаралар жоспарының 32-тармағы);

24) өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактация сервистерінің базалық тізбесіне сәйкес жоспар бойынша еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің жұмыс істеп тұрған және құрылатын сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (іс-шаралар жоспарының 33-тармағы);

25) технологиялар трансфері сервистерінің базалық тізбесіне сәйкес жоспар бойынша еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің жұмыс істеп тұрған және

құрылатын сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (іс-шаралар жоспарының 34-тармағы);

26) ұлттық компоненттердің өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактация сервистерін еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту (іс-шаралар жоспарының 35-тармағы);

27) ұлттық компоненттердің технологиялар трансфері сервистерін еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту (іс-шаралар жоспарының 36-тармағы);

28) еуразиялық желі шеңберінде (ел, сала, уақыт бөлінісінде және басқа да бөліністерде) мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік кооперацияны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін сипаттайтын деректерді мониторингтеу мен талдау тәсілдерін, соның ішінде индустриялық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып әзірлеу және іске асыру (іс-шаралар жоспарының 37-тармағы);

29) еуразиялық желіні тәжірибелік пайдалану қорытындысы бойынша еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды нақтылау (іс-шаралар жоспарының 38-тармағы);

30) еуразиялық желіні тәжірибелік пайдалану қорытындысы бойынша еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу (іс-шаралар жоспарының 39-тармағы);

31) жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілуін бағалау. Жобаның іске асырылуын қорытындылау және жобаны одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар (іс-шаралар жоспарының 40-тармағы).

5. Көрсетілетін қызметтердің мазмұнына қойылатын талаптар

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Қызмет көрсетуге қойылатын талаптар
1	Консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу	Консорциум қалыптастыру ұлттық компоненттердің операторларын тарту арқылы іске асырылуға тиіс. Одаққа мүше бес мемлекеттің қатысушыларымен консорциум туралы келісім жасалуға тиіс.
2	Еуразиялық желі туралы ереже әзірлеу	Еуразиялық желі туралы ереженің жобасында еуразиялық желі туралы жалпы ережелер, Консорциумның еуразиялық желіні құру мен оның жұмыс істеуі жөніндегі, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, желі операторының және ұлттық компоненттер операторларының функциялары мен өкілеттіктерінің сипаты қамтылады.
		Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және

3	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу	сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарда бизнес-архитектураға, ақпараттық архитектураға, бағдарламалық архитектураға (қосымшалар архитектурасына) және технологиялық архитектураға, қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда), еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына , сондай-ақ сервис-провайдерлердің ақпараттық жүйелерінің интеграциясына қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.
4	Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарда бизнес-архитектураға, ақпараттық архитектураға, бағдарламалық архитектураға (қосымшалар архитектурасына) және технологиялық архитектураға, қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда) қойылатын талаптардың сипаты, базалық компонент арқылы жүзеге асырылатын бизнес-процестердің, сондай-ақ еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына қойылатын талаптардың сипаты қамтылуға тиіс.
5	Жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын жасау және бөлінген қолжетімділік құқықтарына сәйкес үйлестіру тобының барлық қатысушыларының оған қол жеткізуін қамтамасыз ету	Жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралы ретінде жобаға қатысушылармен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға және жобаны басқаруға арналған авторландырылған қолжетімділік ұйымдастырылуға тиіс.
6	Мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық	Мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің еуразиялық желіге қосылуының

	жүргізуші субъектілерінің еуразиялық желіге қосылу моделін әзірлеу	жобалық шешімдерінің сипаты әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілуге тиіс.
7	Еуразиялық экономикалық комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу, еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия актілерінің жобалары, еуразиялық желінің техникалық құжаттамасы ақпараттық өзара іс-қимыл процестерін сипаттай отырып дайындалуға тиіс.</p> <p>Әзірлеуге ұсынылатын құжаттардың тізбесі Тапсырыс берушімен келісілуге және мыналарды қамтуға тиіс: актінің атауы, бекітуші органның атауы, актіні қабылдау қажеттігінің негіздемесі, аннотация, сондай-ақ Одақ органдарының осы ұсынысты қозғайтын қолданыстағы актілерінің тізбесі.</p> <p>Ұлттық компоненттердің қолданыстағы сервистерінің еуразиялық желімен интеграциясына қойылатын талаптарды қоса алғанда, еуразиялық желі құруға арналған техникалық тапсырма әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілуге тиіс.</p>
		<p>Еуразиялық желінің базалық компонентінің техникалық-жұмыс бабындағы құжаттамасы дайындалуға және еуразиялық желінің базалық компонентінің прототипі іске асырылуға тиіс, ол мынадай функциялық талаптарды қанағаттандырады:</p> <p>– шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша қолжетімділік субъектілерінің еуразиялық желінің базалық компонентіне кіруін (шығуын) тіркеу, еуразиялық желінің базалық компонентіне кіру (шығу) кезінде қолжетімділік субъектілерінің төлнұсқалылығын сәйкестендіру және верификациялау (тексеру) процестерінің іске асырылуын көрсететін "еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімінде шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді</p>

Техникалық-жұмыс бабындағы жобалау бөлігінде еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру

енгізу, верификациялау және іздеу " базалық сервистердің болуы;

- іске асырылған функционалдың талаптары, принциптері мен мүмкіндіктері туралы ақпаратпен еуразиялық желінің құрылымдық компоненттері, сервистері мен платформаға тәуелді шешімдері туралы деректер базасын көрсететін өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы білімдер базасының базалық талдамалық сервистерінің (wiki) болуы;
- технологиялық сұрау салуларды, технологиялық ұсыныстарды, бизнес-сұрау салуларды, бизнес-ұсыныстарды және ҒЗТК(Т)Ж саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру бойынша инжинирингтік ұйымдардың қызметтер көрсету жиынын, олар пайдаланатын жоғары технологиялық жабдық пен зерттеушілік қызметтер көрсету тізбесін және ғылыми қызмет нәтижелерін, сондай-ақ әріптестер арасында қатынас орнату үшін мүдделілікті білдіру нысанын көрсететін технологиялар трансферінің ұлттық сервистерінің болуы;
- субконтрактацияның таңдап алынған тізбегіне сәйкес келісімшарттар жасасу бойынша субконтрактацияның түзілген тізбегінің шеңберінде сатып алу рәсімдерін жоспарлаумен және бақылаумен шектесетін өнімдік және жобалық субконтрактацияның түзілгенін көрсететін сервис-провайдер сервистерінің болуы.

Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау 2019 жылғы

9	<p>Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру</p>	<p>IV тоқсандағы бастапқы деректерді өзектілендіруді есепке ала отырып жүргізілуге тиіс.</p> <p>Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі ұсыныстар қалыптастырылуға тиіс (2020 жылға – 3 жаңа құжат және қолданыстағы 2 құжатты өзгерту).</p> <p>Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық есеп дайындалуға тиіс (2020 жылғы I тоқсаннан бастап тоқсан сайын).</p>
10	<p>Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру және еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету</p>	<p>Еуразиялық желінің базалық компоненті пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешім болуға тиіс.</p> <p>Базалық компоненттің ақпараттық архитектурасы қосылатын пайдаланушылық сервистердің ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады.</p> <p>Еуразиялық желінің базалық компоненті мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:</p> <p>тізілімдер мен еуразиялық желінің "өзек" базаларын ақпараттық басқару және толтыру;</p> <p>өнеркәсіп саласындағы қызметті цифрландыруды қамтамасыз ететін қажетті сервистерді құру және олардың жұмыс істеуі;</p> <p>сервис-провайдерлер ұсынатын сервистерді еуразиялық желіге қосу.</p> <p>Базалық компоненттің ақпараттық архитектурасы қосылатын пайдаланушылық сервистердің ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады.</p>

Ұлттық операторлар ұлттық компоненттерді өрістетуді және еуразиялық желінің "өзегіне" қосуды мына тәсілдердің бірімен қамтамасыз етеді:

мүше мемлекеттердің сұрау салуы бойынша уәкілетті органдардың инфрақұрылымында базалық компоненттің негізінде;

еуразиялық желінің "өзегімен" интеграциялану жөніндегі талаптарды ескере отырып, өзге де ұлттық платформалық шешім негізінде.

Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын, архитектураның, қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда) қойылатын талаптардың сипатын, интеграциялық компонент арқылы жүзеге асырылатын бизнес-процестердің сипатын, сондай-ақ еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына қойылатын талаптарды қамтитын талаптар қалыптастырылуға тиіс.

Интеграциялық компоненттің ақпараттық архитектурасы (еуразиялық желінің "өзектері") мынадай негізгі элементтерді қамтуға тиіс:

Шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімінің ақпараттық объектілері;

ақпараттық объектілер және шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтер ;

талдамалық көрсеткіштер;

жалпы нормативтік-анықтамалық ақпарат (НАА);

еуразиялық желі "өзегінің" ішкі анықтамалықтары.

Еуразиялық желі "өзегінің" жұмыс істеуі үшін мынадай есептегіш қуаттарды бөліп алу қажет:

Еуразиялық желінің тұжырымдамалық жобасына сәйкес еуразиялық желінің интеграциялық компонентін әзірлеу және енгізу

бірыңғай кіру технологиясына сәйкес пайдаланушыларды аутентификациялау мүмкіндігін қамтамасыз ететін авторландыру сервері;

Тізілімдер мен еуразиялық желінің деректер базасының деректерін сақтау мен өңдеуді қамтамасыз ететін ДББЖ өрістетуге арналған деректерді сақтау қоймасының сервері;

еуразиялық желі порталының жұмысын қамтамасыз ететін web-қосымшалар сервері;

геоакпараттық жүйе (ГАЗ) жұмысын қамтамасыз ететін, геообъектілер туралы ақпаратты және олармен байланысты мәліметтерді сақтауды, түрлендіруді және графикалық тұрғыдан көрнекі студі орындайтын ГАЗ сервері;

деректерді бизнес-талдау құралдарын пайдалану мүмкіндігін және оның нәтижелерін көрнекі студі қамтамасыз ететін талдамалық қосымшалар сервері.

2020 жылдың соңына дейін тиісті есептегіш қуаттарды, диск кеңістігін жалдау, өрісету мен теңшеу қамтамасыз етілуге тиіс.

Еуразиялық желі "өзегінің" жұмыс істеуі үшін қажетті есептегіш ресурстарды бұлтты құрылымда орналастыру болжанады.

Интеграциялық компонентті әзірлеу және енгізу мыналарды қамтуға тиіс:

